

15.07.2019

пресс-релиз

Сбербанк Қазақстан және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ атынан «Baiterek Venture Fund» АҚ ШОБ үлестік қаржыландыру бағдарламасы аясында бірінші ортақ мәмілені жүзеге асырды

Капиталды жеңілдікпен қаржыландыру бойынша жаңа бағдарлама аясында «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ және Сбербанк Қазақстан 200 млн. теңге сомасына қаржыландырған айрықша жоба – Алматы облысы, Бұрұндай қаласындағы емдеу-сауықтыру шипажайы болды.

2019 жылғы 14 мамырда Сбербанк Қазақстан және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ серіктестік туралы келісімге қол қойды, онда Шағын және орта бизнес субъектілерін үлестік жеңілдікпен қаржыландыру бойынша ортақ бағдарламаны жүзеге асыру аясында стратегиялық серіктестікті дамыту қарастырылған.

Сбербанк Қазақстанның кепілдігін алған бірінші жоба Алматы облысы Боралдай елді-мекенінде орналасқан, «Бұрұндай минералды сулары» ЖШС болды. Кешеннің негізгі қызметі – халыққа сауықтыру қызметтерінің үлкен ауқымын ұсыну болып табылады. Үлестік қаржыландырудың арқасында, «Бұрұндай минералды сулары» ЖШС өзінің әлеуетін және қызметтер сапасын айтарлықтай арттырды, негізгі қаражаттар кешенді дамытуға және кеңейтуге жұмсалады. Бүгінгі өзінде сауықтыру кешені өзінің сауықтыру демалысы бойынша айрықша концепциясының арқасында және жыл бойы термалды ваннада емдеу мүмкіндігі арқасында алыс, жақын шетелден қонақтардың назарын аудартуда.

Шағын және орта бизнес субъектілерін үлестік жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы банк жұмысының алғашқы нәтижелеріне түсініктеме бере келе, **«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары Ельдар Тенизбаев**, былай деді: *«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-мен серіктестіктің басты мақсаты - аймақтарды ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық дамыту. Сбербанк мемлекеттік қолдау бағдарламаларының зор мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке кәсіпкерлік бағдарларын нығайтуға мүдделі. Бизнес-жобаларды дамыту және жетілдіруге бағытталған Бағдарлама аясында Қордан бізге бөлінген 30 миллиард теңге қаражат отандық кәсіпкерліктің тұрақты және біркелкі өсуінің кепілі болатынына біз өз тарапымыздан сенімдіміз.*

Бұл ретте Банк ШОБ қолдауға белсенді қатысатынын және Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы, «Даму Аймақтар III» ШОБ субъектілерінің аймақтық басым жобаларын қаржыландыру бағдарламасы және «БЖК 2020» бағдарламасы сияқты маңызды мемлекеттік бағдарламаларды жалпы сомасы 592,3 млрд. теңгеден астам сомаға жүзеге асыра отырып, көшбастаушы орынға ие екенін айта кеткен жөн. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру Банктің басты бағыттарының бірі болып табылады және біз «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-мен серіктестігіміз өзара тиімді болатынына, еліміздің іскерлік климатының дамуын жақсы әсер ететініне сенімдіміз.

Үлестік жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру туралы сөз қозғай отырып, **«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары Асет Сагимбеков** бұл аналогы жоқ Бағдарлама бизнесмендерге өз бизнестерін дамыту үшін таптырмас мүмкіндік болатынына сенімділік танытты: *«Біз бұл бағдарламаны инвестицияларға бизнестің қолжетімділігін жеңілдету және капиталды тікелей қаржыландыру құралының қолданыс аясын кеңейту үшін жасап шығардық. Мұндай талаптарға ие Бағдарлама бұрын соңды болмаған. Біз бизнес үшін банктік кредиттеуге балама болатын қолжетімді құрал ұсындық. Бүгінде біз мұның қаншалықты қажетті және өзекті болып отырғанын көріп отырмыз».*

Бағдарлама аясында ыңғайлы қаржыландыру талаптары қарастырылған: ақтық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 8%-ға дейін, инвестиция сомасы 1 миллиард теңгеге дейін, мерзімі 10 жылға дейін. Бағдарлама бойынша қаржыландыру түрлі салаларды, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіп саласын, инфрақұрылым саласындағы жобалар мен қызметтерді қамтиды. Бағдарлама екі бағытта жүзеге асырылады: корпоративтік бизнесті қолдау және ШОБ дамыту.

«Қазына Капитал Менеджмент және Сбербанктің жеңілдікпен қаржыландыруы арқасында біздің кәсіпорнымыздың алға қойған жобаларды барынша тиімді жүзеге асыруға керемет мүмкіндігі туды. Біз барлық мүмкіндіктерді зерттеп шығып, осы Қаржыландыру бағдарламасының шарттары бізге лайық деп таптық. Осы қолдаудың арқасында үнемделген қаражатты біздің кешеніміздің қосымша жобаларын жүзеге асыруға жұмсауға болады. Ал Сбербанкпен серіктестік мамандардың ұйымдасқан жұмысы және олардың шын мәніде клиенттерге жеке ыңғай табуы арқасында менің жоспарымды тез арада іске асыруға мүмкіндік берді», - дейді өз кезегінде «Бұрұндай минералды сулары» ЖШС коммерциялық директоры Асхат Коксалов.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, 01.01.2019 ж. мәліметтерге сәйкес активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 2-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 95 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Гульмира Мухсинова
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 502 466)
e-mail: Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Фархад Таев
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 600 158)
e-mail: Farhad.Taev@sberbank.kz